

Павлодар облысы бойынша 2013 жылға арналған жерүсті су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлемақы мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2013 жылғы 20 ақпандағы N 133/15 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 наурызда N 3484 болып тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облыстық мәслихаты аппарат басшысының 2014 жылғы 03 қыркүйектегі N 1-11/560 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облыстық мәслихаты аппарат басшысының 03.09.2014 N 1-11/560 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 487-бабына, 2003 жылғы 9 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Су кодексі" 38-бабының 5)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 6-бабының 5-тармағына, сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы бойынша 2013 жылға арналған жерүсті су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлемақы мөлшерлемелері көрсетілген шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Есенжолов

хатшысы

О б л ы с т ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

М. Көбенов

Павлодар

облыстық

мәслихатының

(V сайланған

XV

сессиясы)

2013 жылғы

20

ақпандағы

№ 133 / 15

шешіміне

қосымша

Павлодар облысы бойынша 2013 жылға арналған жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлемақы мөлшерлемелері

Р/с №	Арнайы су пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Мөлшерлемелер теңге
1	2	3	4
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 текше метр	81,79
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса есептегенде	1000 текше метр	235,01
3	Ауыл шаруашылығы	1000 текше метр	66,22
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылық-тары	1000 текше метр	66,22
5	Су көздерінде балық аулауды жүргізетін тұтынушылар, балық шаруашылықтары	өнімнің тоннасы	166,20
6	Су көлігі	1000 т. км	9,08

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК